

**8D013 - Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау «6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Егизбаева Лаззат Ержановнаның «Пән мен тілді кіріктіріп оқыту арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына
РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ**

№	Өлшем шарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	<p>Қазіргі білім беру кеңістігінде жаһандану мен көптілділік үдерістерінің ықпалы артып отырған жағдайда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін пәнмен тілді кіріктіріп оқыту арқылы кәсіби даярлау үдерісі жаңа сапалық деңгейде ұйымдастырылуы қажет. Әсіресе, бұл пәндерді көптілді ортада меңгертуге бейімделген кәсіби даярлықтың маңыздылығы арта түсуде.</p> <p>Зерттеу тақырыбының өзектілігі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңымен және 2023–2029 жылдарға арналған жоғары білім мен ғылымды дамыту тұжырымдамасымен үйлеседі. Бұл құжаттарда білім беру мазмұнын жаңарту, ғылыми білімнің сапасын арттыру және педагог кадрларды заманауи талаптарға сай даярлау сынды негізгі бағыттар нақты көрсетілген.</p> <p>Зерттеу жұмысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін пәнмен тілді кіріктіріп оқыту арқылы кәсіби даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздері кеңінен қарастырылып, мазмұн мен тілді кіріктіре оқытудың тиімді тәсілдері (CLIL, BICS/CALP) оқу үдерісінде қолдану жолдары сипатталған. Сонымен бірге, арнайы әзірленген құрылымдық-мазмұндық модель, әдістемелік кешен мен авторлық тапсырмалар арқылы пәнмен тілді меңгерту үдерісінің тиімділігі педагогикалық эксперимент арқылы дәлелденген.</p> <p>Л.Е. Егизбаеваның диссертациялық еңбегі болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін пәнмен тілді кіріктіріп оқыту арқылы кәсіби даярлаудың ғылыми-теориялық және қолданбалы негіздерін қалыптастырып, білім мен ғылымды дамытудың мемлекеттік басымдықтарына нақты үлес қосатын маңызды зерттеу болып табылады.</p>

		<p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p> <p>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</p>	<p>Л.Е. Егизбаеваның диссертациялық зерттеуі Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына толық сәйкес келеді.</p> <p>Диссертациялық жұмыс 8D013 – Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау (6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі) бағыты бойынша ұсынылған.</p>
2.	<p>Ғылым үшін маңыздылығы</p>	<p>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.</p>	<p>Диссертанттың «Пән мен тілді кіріктіріп оқыту арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуі педагогика ғылымының даму бағытына, атап айтқанда, болашақ мұғалімдерді кәсіби тұрғыда даярлау және пән мен тілді кіріктіре отырып білім беру саласына қосылған маңызды ғылыми әрі практикалық үлес ретінде бағаланады.</p> <p><i>Біріншіден</i>, зерттеу шеңберінде пән мен тілді кіріктіре оқытуды көптілді ортада тиімді оқытудың теориялық және әдіснамалық негіздері айқындалған. Зерттеуші мазмұн мен тілді кіріктіре оқытудың заманауи үлгілеріне (CLIL, BICS, CALP) сүйене отырып, пәндік және тілдік білімді үйлестірудің ғылыми тәсілдерін ұсынған.</p> <p><i>Екіншіден</i>, Пән мен тілді кіріктіріп оқыту арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлауға бағытталған құрылымдық-мазмұндық модель жасақталып, оның тиімділігі педагогикалық эксперимент нәтижелерімен негізделген.</p> <p><i>Үшіншіден</i>, зерттеу барысында пән мен тілді кіріктіре оқытуға бейімделген әдістемелік кешен әзірленіп, оның құрамына оқулық, тапсырмалар жүйесі енген. Бұл материалдар оқу үдерісінде нақты қолдануға арналған, болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін жетілдіруге бағытталған инновациялық құрал ретінде ұсынылған.</p> <p><i>Төртіншіден</i>, зерттеу нәтижелері білім беру жүйесіне пән мен тілді кіріктіре оқытуды енгізу және педагогтердің бәсекеге қабілеттілігін, кәсібилігін арттыру мақсаттарымен үндес келеді. Жұмыс барысында алынған қорытындылар</p>

			<p>педагогикалық жоғары оқу орындарында пән мен тілді кіріктіре оқытуға арналған білім беру бағдарламаларын жетілдіруде кенінен пайдалануға негіз бола алады.</p> <p>Жоғарыда айтылғандар диссертациялық зерттеудің теориялық тереңдігі мен тәжірибелік маңызын, сондай-ақ оның педагогика ғылымы мен білім беру жүйесіндегі өзектілігін айқын көрсетеді.</p>
3.	Өзі принципі жазу	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған. 	<p>Диссертанттың зерттеу жұмысын орындау деңгейі жоғары екені айқын аңғарылады, зерттеу мәселесіне қатысты отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттермен жан-жақты танысып, теориялық тұжырымдарды терең меңгерген. Ғылыми дереккөздерге сүйене отырып, зерттеу барысында жүргізілген талдауларды нақты мысалдармен негіздеп, өзіндік ғылыми ұстанымын қалыптастырған және дәлелді қорытындылар жасаған.</p>
4.	Ішкі принципі бірлік	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген. <p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды. 	<p>Диссертациялық зерттеудің өзектілігі ғылыми тұрғыда дәйекті негізделген, себебі ол болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін пән мен тілді кіріктіре оқыту арқылы кәсіби даярлаудың ғылыми-әдістемелік мәселелерін шешуге бағытталған.</p> <p>Зерттеу барысында әзірленген құрылымдық-мазмұндық модель мен әдістемелік кешен ұсынылған теориялық қағидаттармен өзара үйлесімін тауып, педагогикалық эксперимент нәтижесінде эмпирикалық тұрғыда дәлелденген. Бұл модель пән мен тілді кіріктіріп оқыту жағдайында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби және тілдік құзыреттілігін тұтас әрі жүйелі дамытуға негізделген.</p> <p>Зерттеу міндеттерінің кезең-кезеңімен шешілуі және алынған нәтижелердің ғылыми тұрғыдан негізделуі болашақ мұғалімдерді даярлау үдерісіне пән мен тілді кіріктіре оқытуды тиімді енгізудің нақты, дәлелденген жолдарын ұсынады. Автор ұсынған әдістемелік ұсыныстар мен оқу-әдістемелік материалдар білім беру мазмұны мен мақсаттарына толық сәйкес келіп, оларды тәжірибеде қолдану мүмкіндігі жоғары екені анық байқалады.</p> <p>Осыған орай, диссертациялық жұмыстың құрылымы, теориялық тұғырнамасы, практикалық ұсыныстары мен қорытындылары өзара сабақтастықта ұсынылып, ғылыми тұтастық пен әдістемелік үйлесімділікті қамтамасыз етеді.</p> <p>Диссертацияның мазмұны «Пән мен тілді кіріктіріп оқыту арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау» деген тақырыбын толық айқындайды.</p> <p>Талдау барысында негізгі мәселелерден ауытқымайды. Диссертанттың пән мен тілді</p>

		кіріктіріп оқыту арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау бағытындағы ізденістері тақырыпты толығымен ашады.	
	4.3. Максаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Зерттеу жұмысында қойылған мақсат пен міндеттер диссертация тақырыбына <i>сәйкес келеді</i> . Ізденуші педагогика, психология ғылымындағы заңдылықтарды басшылыққа ала отырып, зерттеу барысында мақсат-міндеттеріне <i>толығымен жеткен</i> .	
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы өзара логикалық тұрғыдан <i>толық байланысқан</i> , ортақ біртұтастық пен баяндау логикасы бар, алынған нәтижелер диссертанттың қорытындыларымен бірге диссертацияда қойылған мақсат пен міндеттерге сәйкес келеді. Автор алған нәтижелер ішкі бірлікпен сипатталады. Ғылыми аппаратқа сәйкес теориялық мәліметтер, анықтаушы және қалыптастырушы эксперименттердің мазмұны мен нәтижелері ұсынылған.	
	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Диссертант ұсынған жаңа ғылыми шешімдер (қағидаттар, әдістер) <i>дәлелденіп</i> , бұрыннан бар шешімдермен салыстырылып, <i>сыни талдаулар жасалған</i> . Зерттеуші пән мен тілді кіріктіріп оқыту арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау мәселесінің зерттелмегенін дәлелдей келіп, соның шешімін табу бағытында тың ой-пікірлер айтқан, пән мен тілді кіріктіре оқыту негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау жолдарын айқындаған.	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Л.Е. Егизбаеваның жүргізген диссертациялық зерттеу жұмысы пән мен тілді кіріктіріп оқыту арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау мәселесіне арналған тың көзқарасты ұсынады. Зерттеу нәтижелері педагогика ғылымының дамуына жаңа серпін беріп, осы бағыттағы ғылыми ізденістердің көкжиегін кеңейтеді. Зерттеудің <i>алғашқы ғылыми жаңалығы</i> ретінде пән мен тілді кіріктіре оқыту арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздерінің алғаш рет кешенді түрде сараланып, ғылыми жүйеге түсірілгені атап өтіледі. Бұл бағыттағы тұжырымдар саладағы бұрынғы зерттеулермен салыстырғанда жаңашылдығымен ерекшеленеді. <i>Келесі маңызды тұжырым</i> – «кіріктіріп оқыту», «кәсіби даярлау» ұғымдарының мазмұны нақтыланып, «пән мен тілді кіріктіріп оқыту арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау» түсінігі кіріктірілген оқыту контекстінде қарастырылған. Сонымен қатар,

		<p>болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау үдерісіне қатысты жаңа ғылыми ұғымдық аппарат қалыптастырылған.</p> <p><i>Үшінші елеулі нәтиже</i> ретінде пән мен тілді кіріктіре оқыту арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлауға бағытталған құрылымдық-мазмұндық модель ұсынылған. Бұл модельдің мазмұны мен құрылымы педагогикалық тұрғыда дәлелденіп, оның білім беру үдерісіне енгізу мүмкіндігі тәжірибеде тексерілген.</p> <p><i>Төртінші жаңалық</i> – әзірленген әдістеме мен оқу-әдістемелік құралдардың (оқулықтар, тапсырмалар) нақты педагогикалық тәжірибеде қолдануға болатыны дәлелденген. Бұл құралдар болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін дамытуда тиімді ресурс ретінде ұсынылған.</p> <p>Жалпылап айтқанда, зерттеу нәтижелері көптілді білім беру жағдайында пәнмен тілді кіріктіріп оқытудың жаңа жолдарын ұсына отырып, осы саладағы ғылыми және қолданбалы ізденістерге елеулі үлес қосады.</p>
	<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Ұсынылып отырған диссертациялық зерттеудің нәтижелері педагогика ғылымы үшін елеулі жаңалық болып табылады. Жұмыстың мазмұны пән мен тілді кіріктіре оқыту арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау мәселесін жаңа қырынан қарастырып, теориялық әрі қолданбалы маңызы зор ғылыми қорытындылар жүйесін ұсынады.</p> <p><i>Алғашқы маңызды қорытынды</i> – пән мен тілді кіріктіре оқыту арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлаудың теориялық және әдіснамалық негіздері жүйеленіп, ғылыми негізде нақтыланған. Бұл бағыттағы тұжырым қазіргі таңда ғылыми айналымда кең таралмаған, сондықтан зерттеудің маңызын арттырады.</p> <p><i>Келесі қорытынды</i> – "Пән мен тілді кіріктіріп оқыту" мәні айқындалып, "болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби даярлау" түсінігі қайта пайымдалған. Сонымен қатар, болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлауға қатысты жаңа ұғымдық-әдіснамалық негіз ұсынылған, бұл зерттеу аясында тың бағыт ретінде танылады.</p> <p><i>Үшінші қорытынды</i> – зерттеуші ұсынған құрылымдық-мазмұндық модель болашақ мұғалімдердің кәсіби және тілдік құзыреттілігін қатар қалыптастыруға бағытталған. Бұл модель білім беру мазмұнын тиімді кіріктіру арқылы болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлауға нақты ғылыми-әдістемелік негіз бола алады.</p> <p><i>Тағы бір маңызды қорытынды</i> – болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауға арналған арнайы әдістеме жасалып, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыс арқылы дәлелденген. Сонымен бірге оқу-әдістемелік кешен, үштілді тапсырмалар жүйесі дайындалған,</p>

		олардың білім беру үдерісінде қолдану мүмкіндігі жоғары. Жалпы алғанда, бұл зерттеу пән мен тілді кіріктіріп оқыту арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау мәселесін ғылыми тұрғыда жаңаша қарастырып, пәндік оқытуды кіріктіре жүзеге асырудың тиімді жолдарын көрсететін тың ғылыми тұжырымдар кешенін ұсынады.
	5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген. Зерттеу жұмысы барысында жасалған тұжырымдар, ұсынылған әдістеме тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерімен, ғылыми жарияланымдармен расталған.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін). Барлық қорытындылар ауқымды дәлелдемелермен негізделген. Бұл туралы қорытынды бөлімде баяндалған және әр қорытынды негіздерге сүйеніп жасалған.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; Докторант Л.Е. Егизбаева жүргізген диссертациялық зерттеу негізінде қорғауға ұсынылатын негізгі ғылыми қағидалардың бірі – пән мен тілді кіріктіріп оқыту жағдайында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау үдерісінің ғылыми-әдіснамалық негіздерін жүйелеу болып табылады. Зерттеу барысында Пән мен тілді кіріктіріп оқыту" мәні айқындалып, "болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби даярлау" түсінігінің нақты анықтамалар берілген. Сонымен қатар, «Пән мен тілді кіріктіріп оқыту арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау» түсінігінің мазмұндық құрылымы ғылыми негізде нақтыланған. Аталған ғылыми тұжырым қазіргі педагогикалық теория мен практиканың тоғысында маңызды орын алады. Ол ғылыми негізделуімен, қолданбалы маңыздылығымен және бұрын-соңды кешенді түрде зерттелмегендігімен ерекшеленеді. Осы себепті бұл қағида ғылыми жаңашылдығымен қатар, практикалық білім беру жүйесінде кеңінен қолдануға болатын, маңызын жоғалтпайтын тұжырым ретінде танылады. Зерттеу нәтижелері Analyzing CLIL Studies in Primary Education. Qubahan Academic Journal. Vol.4(4), 496–508, 2025. DOI: https://doi.org/10.48161/qaj.v4n4a1410 . Education -

	<p>3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) иә; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>(Q1), https://doi.org/10.48161/qaj.v4n3a1079 мақаласында ғылыми негізделген. Болашақ бастауыш білім беру саласында CLIL (Content and Language Integrated Learning –пән мен тілді кіріктіріп оқыту) әдісінің қолданылуы туралы ағылшын тіліндегі ғылыми мақалаларға кешенді библиометриялық талдау жүргізуді мақсат етеді. Бұл қағида жаңа, дәлелденген, кең қолданылатын және тривиалды емес болып табылады. Зерттеу нәтижелері «Implementing CLIL in teaching and teacher’s readiness to CLIL» «Педагогика. Психология. Әлеуметтану сериясы», Астана № 1 (134) 2021, Б. 43-51. DOI: https://doi.org/10.32523/2616-6895-2021-134-1-43-51 мақаласында ғылыми негізделген. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау әдістемесі әзірленіп, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік зерттеу арқылы дәлелденді. Бұл әдістеме педагогикалық үдерісте тілдік және пәндік білімді кіріктіре отырып, заманауи білім беру талаптарына бейімделуге мүмкіндік береді. Бұл қағида жаңа, дәлелденген, кең қолданылатын және тривиалды емес болып табылады. Зерттеу нәтижелері “Motivation of the pre-service primary education teacher’s towards learning English in CLIL approach». Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. «Педагогика. Психология. Әлеуметтану сериясы», Астана. № 3 (140) 2022, Б.69-77. DOI: https://doi.org/10.32523/2616-6895-2022-140-3-69-77 Мақалада болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің пән мен тілді кіріктіріп оқыту барысында ағылшын тіліне деген қызығушылықтары қарастырылады. Зерттеу нәтижелері автордың 8 ғылыми жарияланымдарында көрініс тапқан. Олардың ішінде Web of Science және Scopus халықаралық деректер базасына енгізілген ғылыми журналдарда жарияланған мақалалар, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдардағы зерттеулер, жақын және алыс шет елдерде өткен халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарында жарық көрген еңбектер, басқа да ғылыми басылымдардағы мақалалар, сондай-ақ Оқу-әдістемелік кешен: 1. «Пән мен тілді кіріктіру: практикалық жаттығулар»</p>
8.	<p>Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) иә; 2) жоқ.</p> <p>Докторант Л.Е. Егизбаева ұсынған диссертациялық зерттеуде қолданылған әдіснамалық негіздеме ғылыми жағынан жан-жақты әрі жүйелі түрде дәлелденген. Зерттеу барысында алынған мәліметтер мен талдаулар дәйектілік принципіне сәйкес ұсынылып, олардың ғылыми және теориялық негізділігі толық қамтамасыз етілген.</p>

		<p>Жұмыстың теориялық тұғырнамасын көптілді білім берудің қазіргі заманғы концепциялары, тұлғалық-бағдарлы оқыту тәсілдері, кіріктірілген оқытудың әдістемелік қағидаттары, пәндік тілдік құзыреттілікпен сабақтастыра меңгерудің педагогикалық-психологиялық негіздері құрайды. Пән мен тілді кіріктіріп оқыту жағдайында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау мәселесі аясында отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері, сондай нормативтік-құқықтық құжаттар мен мемлекеттік білім стандарттары жан-жақты зерттеліп, олардың негізінде теориялық және әдістемелік қорытындылар жасалған.</p> <p>Сонымен қатар, зерттеу аясында Пән мен тілді кіріктіріп оқыту жағдайында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлауға бағытталған құрылымдық-мазмұндық модель жасақталып, оның педагогикалық тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік зерттеу нәтижелері арқылы ғылыми түрде расталған.</p>	
	<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия; 2) жоқ.</p>		<p>Диссертациялық зерттеу барысында ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері қолданылып, деректерді өңдеу және интерпретациялау үдерісі компьютерлік технологиялардың көмегімен жүзеге асырылған. Алынған нәтижелер математикалық-статистикалық әдістер арқылы талданып, зерттеу мәліметтері диаграммалар мен графикалық көрнекі құралдар түрінде жүйеленген.</p>
	<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия; 2) жоқ.</p>		<p>Зерттеу барысында ұсынылған теориялық тұжырымдар Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік зерттеулер нәтижесінде дәлелденген. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері оң динамиканы көрсетеді. Сынаққа қатысқан студенттер саны - 112, оның ішінде эксперименттік топта – 55, бақылау тобында – 57 студент.</p>
	<p>8.4 Маңызды мәлідемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған /</p>		<p>Пән мен тілді кіріктіріп оқыту арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау мәселесі бойынша жасалған тұжырымдар философиялық, психологиялық және педагогикалық бағыттағы ғылыми еңбектерге,</p>

	ішінара расталған / расталмаған.	сонымен қатар Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық құжаттарына, отандық және шетелдік зерттеушілердің ғылыми ізденістеріне сүйене отырып дәлелденген. Зерттеу барысында пайдаланылған әдебиеттер қатарына оқу-әдістемелік құралдар мен нұсқаулықтар, Scopus базасына енген халықаралық ғылыми журналдарда жарияланған мақалалар, сондай-ақ ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігіне қарасты Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдардағы еңбектер енеді. Бұл дереккөздер диссертациялық жұмыстың ғылыми негізділігі мен тұжырымдарының сенімділігін қамтамасыз етеді.
	8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	182 библиографиялық сипаттамадан және ғылыми, оқу, мерзімді, заңнамалық және нормативтік-құқықтық, статистикалық, электронды және басқа да дереккөздерден тұратын <i>пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті.</i>
9	Практикалық құндылық қағидаты	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар; 2) жоқ.</p> <p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді</p>

Ұсынылып отырған диссертациялық зерттеу мазмұны жағынан теориялық тұрғыдан елеулі маңызға ие. Зерттеу барысында пән мен тілді кіріктіріп оқыту арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау мәселесі психологиялық және педагогикалық әдебиеттер негізінде жан-жақты талданып, оның теориялық-әдіснамалық тұғырлары анықталған.

Зерттеуде "Пән мен тілді кіріктіріп оқыту" мәні айқындалып, "болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби даярлау" түсінігінің мазмұны нақтыланып, олардың құрылымдық ерекшеліктері жүйеленген. Бұл ғылыми тәсілдер пәнмен тілді кіріктіріп оқытуға бағытталған теориялық-әдістемелік базаны кеңейтеді және көптілді педагогтерді даярлау ісінде теория мен практиканың өзара байланысын нығайтуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, зерттеу аясында болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлауға арналған құрылымдық-мазмұндық модель жасалып, оның негізгі компоненттері, бағалау өлшемдері, көрсеткіштері мен даму деңгейлері айқындалған. Дайындалған әдістемелік жүйе педагогикалық эксперимент барысында сынақтан өтіп, тиімділігі ғылыми тұрғыда дәлелденген.

Осы тұрғыдан алғанда, диссертациялық жұмыс пән мен тілді кіріктіріп оқыту арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау теориясын жетілдіруге елеулі үлес қосатын ғылыми еңбек болып табылады.

Диссертациялық зерттеудің *практикалық маңызы бар.* Зерттеу жұмысында ұсынылған ізденушінің ғылыми тұжырымдары мен нәтижелерін жоғары және орта арнаулы педагогикалық оқу

		<p>практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) иә; 2) жоқ.</p>	<p>орындарында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау үдерісінде, бастауыш сынып мұғалімдерінің біліктілігін арттыру және қайта даярлау курстарында кеңінен пайдалануға болады. Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Зерттеу аясында ұсынылған практикалық ұсынымдар мазмұны жағынан жаңашыл сипатқа ие және педагогикалық практикада бұрын қолданылмаған әдістемелік шешімдерді қамтиды. Бұл ұсыныстар Пән мен тілді кіріктіріп оқыту арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау үдерісін жетілдіруге нақты бағыт береді.</p> <p>Зерттеу нәтижелері осы тақырып аясындағы алдағы ғылыми ізденістерге негіз бола отырып, көптілді білім беру жүйесінде пән мен тілді кіріктіре оқытуды тиімді меңгерудің жаңа жолдарын ұсынуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, аталған практикалық ұсынымдар педагогикалық кадрларды даярлау бағдарламаларын жаңартуға және көптілді ортада кәсіби оқыту әдістемесін жетілдіруге бағытталған зерттеулерге әдіснамалық база ретінде қызмет ете алады.</p>
10	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.</p>	<p>Академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертацияның тілі мен стилі талаптарға толық сәйкес келеді. Диссертация мазмұнындағы негізгі ұғымдар, анықтамалар мен терминдер жүйесі жеткілікті түрде ұсынылған. Диссертацияның құрылымы мен мазмұнын рәсімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын белгіленген талаптарға сәйкес келеді.</p>
11	Диссертацияға ескертулер		<p>Диссертацияда кейбір сөйлемдерді стилистикалық жағынан жөндеу керек. Алайда аталған ұсыныс диссертацияның құндылығын төмендетпейді және ол кеңес ретінде ұсынылады.</p>
12	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының		<p>Докторант Л.Е. Егизбаеваның жүргізген зерттеу нәтижелері тиісті талаптарға сәйкес ғылыми айналымға енгізілген және олар Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі ұсынған басылымдар мен халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда жарияланған. Жарияланған мақалалар диссертация тақырыбының өзегіне сай келеді және зерттеу мазмұнымен толық сәйкеседі. Оларда диссертациялық жұмыста қарастырылған негізгі ғылыми идеялар мен тұжырымдар жүйелі түрде көрініс тапқан.</p>

	ғылыми деңгейін зерделейді)	
13	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	«Пән мен тілді кіріктіріп оқыту арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы үшін Егизбаева Лаззат Ержановнаның 8D013 - Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау (6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі) мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

Ресми рецензент:
 Алматы гуманитарлы-экономикалық университеті, PhD,
 қауымдастырылған профессор.



Фейзулдаева С.А.

С.А. Егизбаева
 Қолын растаймын / Подпись заверяю
 (Полное имя)
 Руководитель кадровой службы / Кадр қызметінің жетекшісі
 (Подпись/қолы)